



# РУХАНИ ЦИФРЛАНДЫРУ

**Жаһандану жарқылы қарқынды дамып жатқанда, жағада жайғасып отырған жақсы емес. Әр кез заман дамыған сайын, соган сай даму керек және бастапқы қалыпты жоғалтып алмаған дұрыс. Біздің де еліміздегі рухани дүниелер қоғамға сінісуі үшін заманың ағымымен санаса әрекет жасағанымыз ақталатын іс болып табылады.**

Еліміздің еңесін көтерген Елбасымыз: «Рұхани жаңғыру» әр түлғаны елең еткізбей қоймайтын, алға қарай жылжытып, бәсекелік қабилетін қуаттап, эволюциялық жаңашылдықтарға қадам басуға әсер беруі керек», -деген болатын.

Бұл тарапта біздің М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Ақпараттық технологиялар және Энергетика жоғары мектебінің білімді жастағарға еркашан да ерекше қолдау көрсетіп келеді. Қоғамдық сананы

жаңғыртуға бағытталып отырған бұл идеяның ұсынылуы уақыт талабы мен ел дамуының тарихи кезеңіне сай, маңызы зор шешім болып отыр. Бұл идеяның үшінші жаңғырудың өзегіне айналуы, елімізге мұлдем жаңаша сипат, тың серпін әкеleрі анық. Сананы рухани жаңғыртуға бәсекеге қабілетті, білімді елдің ғана шамасы жетеді. Сол себептен Елбасы рухани жаңғырудың үлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындаپ берді. Елбасы аталған мақаладан жаңаша бастау алатын «Туган елге» ұласатын «Тұған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып отыр. Ол әрбір азаматты өзінің тұған жерінің гүлденіү үшін нақты үлес қосуға үндейді.

Жас буын өкілдері халықтың ігі дәстүрінен тәлім алып, елжандылық, патриоттық қасиеттерді бейіна сініріп есү, үшін нақ осындаи бағдардың маңыздылығы зор.

Жаңғырудың жылдамдығын арттыру үшін сұранысқа сай цифрландыру керек. Цифрландырудың негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және женілдеть, балаларға, үстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы, білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бұқіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді.

Қоғамның жүйелі қалыптасуы үшін әрбір жан рухани ашқұрсақ болмауы керек. Дамуға үмтұламын деп тамырының қайда жатқанын үмитпауы тиіс. Адамдардың бойында автоматты түрде үлттық кодтар тізбектелуі міндетті. Бұл қасиеттерді оңтайлы механизммен бойға сініру үшін заманың қарқының пайдаланғанымыз азбал. Цифрландыру технологиясы тиімді нәтиже беретінін құлағымыз естіп, көрінісін көзіміз көріп жүргені белгілі. Осындағы біртекті әдісті жаңа әлеуметтік кеңістікте, қазақ халқына беретін болсақ, келешекте біз рухани автоматтандырылған, патриоттардан жиналған қоғам туғыза аламыз.

**Жансая АШИРБЕКОВА,  
Гүлжадыра Тағай,  
М.Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
университеті  
Ақпараттық жүйелер және  
модельдеу кафедрасының  
аға оқытушылары.**